



Тәуелсіздік күні құтты болсын!



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№193-194
(20267-20268)



16 желтоқсан, бейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboi@yandex.kz / www.syrboi.kz

www.facebook.com/syrboi_kz/

www.instagram.com/syrboi_kz

https://twitter.com/syrboi

t.me/syrboi_kz

ТҮТАС БІР ДӘУІРДІҢ ТЫНЫСЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай «Астана Опера» опера және балет театрының ғимаратында откен салтанатты іс-шараға қатысты.

Қазақстан Президенті барша қазақстандықты ел Тәуелсіздігінің мерейтойымен құттықтап, жиналған қауым алдында сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөйлеген сөзінде Қазақ мемлекеттілігінің газырлар бойғы тарихының ең маңызды кезеңдеріне, Тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, сыртқы саяси, мәдени, ғылыми салалардағы маңызды жетістіктеріне назар аударды. Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Егемен Қазақстанды құру ісіндегі ерен ебнегіне арнайы тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінің соңында мінберге ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевты шақырды. Салтанатты жиын мерекелік концертке ұласты.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті отандастар! Ардақты ағайын!

Баршаңызды кастерлі Тәуелсіздігіміздің мерейлі белесімен шын жүректен құттықтаймын!

Біз осыдан отыз жыл бұрын бабалар арманын ақиқатқа айналдырдық. Жаңа Қазақ мемлекеті құрылғанын дүние жүзіне паш етіп, Тәуелсіздігімізді жарияладық. Бірнеше ғасырдан бері үзіліп калған дербес мемлекеттілік дәстүрімізді қайта жалғамыз.

Шын мәнінде, егемендік – елдің бәріне бұйыра бермейтін бақ. Әлемде сан миллион халқы болғанымен, ұлтарактай жері жоқ қаншама ұлт бар. Ал қазақтың пешенесіне өз мемлекетін құру бақыты жазылды. Бұл – ұлы бақыт,

ұлттың бақыты! Бұдан асқан қуаныш, бұдан биік мәртебе бар ма?!

Тәуелсіздік – ең қасиетті, кастерлі құндылығымыз, ең бағымды байлығымыз. Халқымыз егемендіктің қадір-қасиетін жан-жүрегімен сезінеді. Өйткені біз азаттықтың қуны қандай екенін жақсы білеміз.

Бостандық жолында талай батырларымыз құрбан болды. Қаншама қиын күндер басымыздан өтті. Бірақ халқымыз барлық сынақты қайыспай көтерді. Тағдыр тауқыметі ұлтымыздың жүрегінде азаттық рухын өшіре алмады. Қазақтың қайсар ұл-қыздары пешенесіне өз мемлекетін құру бақыты жазылды. Бұл – ұлы бақыт, жігерін жәни білді.

2-бет



Облыс әкімі Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай құттықтауы

Қадірлі сырбойлылар!

Сіздерді еліміздің ең басты ұлық мерекесі – кастерлі де қасиетті Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіздік – біз үшін ең асыл, баға жетпес киелі құндылық!

Елбасы сөзімен айтсақ, «Ол – ата-бабаларымыздың азаттық жолындағы жан алысып, жан беріскен сан ғасырлық күресінің заңды жағдасы, халықаралық құжаттармен бекітіліп, мәңгілікке берген сый». Біздің бүгінге дейін жеткен жетістігіміздің барлығы осы Тәуелсіздіктің арқасында жүзеге асқаны белгілі.

Егемен еліміз Тұңғыш Президентіміз-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастауымен дүние-жүзілік картада өз орнын қалыптастырды, ең дамыған 40 елдің қатарына қосылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Барымыз да, бағымыз да – Тәуелсіздік!», – деп айқындай түсті.

Міне, енді, Тәуелсіз еліміздің отызыншы белесін қорытындылап, тарихтың жаңа парағы басталамақ. Бұл – біз үшін өткенді таразылап, болашаққа бағыт түзейтін жауапты шақ.

Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде Сыр елі индустриалды-аграрлық өлкеге айналды.

Ғасыр жобасы ретінде «Сырдария өзенінің арнасын болту және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» (САРАТС) жобасы жүзеге асты.

Қасиетті де киелі Қорқыт ата жерінен қазақтың үш азамат-

ты – Токтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетов ғарыш кеңістігін бағындырды. Ғарыштық құрылымдар мен Байқоңыр қаласының инфрақұрылымы жүйеленді.

Аймағымыз үшін маңызды зор «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» құрылқаралық автокөлік дәлізінің 812 шақырым Қызылорда жерінде болуы жақсы жағдайға жолдардың үлесін 2,5 есеге арттырды.

Өңір экономикасына 4 трлн теңгеден астам инвестиция тартылды. Жалпы өңірлік өнімдегі өнеркәсіп өндірісінің үлесі 1991 жылғы 11 пайыздан 30 пайызға артты.

Күршінің 10-ға тарта сорты шығарылып, оның өнімділігі мен жалпы алынған өнімі бүгінде 1991 жылғы көрсеткіштен 1,5 есеге өсті.

Мал саны 1991 жылғы деңгейден асса, соның ішінде ірі кара малы 1,5 есеге, жылқы басы 2,3 есеге артты.

Балық шаруашылығы жанданды. Саланы дамытудың 2030 жылға дейінгі өңірлік бағдарламасына сәйкес тауарлық балық көлемі 16 мың тоннаға дейін жетіп, 100 есеге ұлғайып, балық өнімдерінің экспорты 2 есе – 8,5 мың тоннаға дейін өседі.

Өңірміз жұмыс жасап тұрған шағын және орта бизнес субъектілері санының өсу қарқыны бойынша елдегі үздіктер қатарында.

8 мың шаршы метрге жуық тұрғын үй пайдалануға берілді. Оның көлемі 1991 жылғы 260 мың шаршы метрден 600 мың шаршы метрге жетті.

Халықтың 97 пайызы орталық-тандырылған ауысумен қамтылып, өңірміз жоғары көрсеткіштердің бірін көрсетуде.

Жыл соңына дейін табиғи газды

халықтың 67 пайызы пайдаланатын болады.

Бірнеше жүздеген білім, медицина, мәдениет, спорт ғимараттары, әлеуметтік нысандар бой көтерді.

500 мыңнан астам бала дүниеге келсе, халықтың саны 825 мыңнан асты, өмір сүру ұзақтығы 8 жылға артты.

Быыл ұлық мереке қарсаңында Қазақстанда ғана емес, Орта Азиядағы бірегей Шыны зауытын іске қостық. Енді оның айналасында қосалқы өндірістер дамытатын болады.

Жыл соңына дейін Жаңақорған ауданында «Шалқия» кен орнында тау-кен байыту комбинатының және Арал ауданында кальцийленген сода зауыты құрылысына бастауға дайындық жүруде.

Шиелі ауданында «Баласауыс-қандық» ванадий кен орны игерілуде, биыл ферромолибден өнімін өндіруді бастаймыз.

Ауыл шаруашылығы өндірісі әртарапандырылып, өз өнімдерімізді өндіре бастадық.

Быылғы спорттағы басты жетістігіміз – Қазақстан Олимпиада құрамының Ту ұстаушысы, боксшы Қамшыбек Қоңқабаев қола жүлдегер атанды. Қымбатты жерлестер! Бабадан қалған «Бірлік түбі – береке» деген сөз бар.

Тәуелсіз Қазақстанымыздың, Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени дамуы жолындағы игілікті еңбектеріңіз табысты бола берсін!

Өрбір отбасына амандық, саулық, елімізге тыныштық тілеймін! Тәуелсіздігіміздің тұғыры нық, ғұмыры мәңгі болсын!

Еңбек пен маңдай тердің жемісі

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған «Волонтерлік – өмір белесі» атты облыстық волонтерлер слеті аясында «Достық үйінде» азаматтық қоғам өкілдерімен кездесу өтті. Іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет қатысып, жыл басынан бергі қиын сәтте қайырымдылығын аямаған, бірліктің нағыз үлгісін көрсете білген барша азаматқа алғыс білдірді.

– Тәу егер Тәуелсіздігіміз – біздің ең басты құндылығымыз! Тұңғыш Президент-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Тәуелсіздік тағылымы» атты мақаласында «Ол – ата-бабаларымыздың азаттық жолындағы жан алысып, жан беріскен сан ғасырлық күресінің заңды жағдасы, халықаралық құжаттармен бекітіліп, мәңгілікке берген сый», – дегенін жақсы білесіздер. Тәуелсіз ел болудың арқасында біз ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, аз ғана мерзім ішінде көптеген жетістіктеріге қол жеткізіп келеміз. Осы ретте, жабырқанғанын жанына жалау болып,



камыққанға қол ұшын беру, қайырымдылық жасау – халқымыздың қанына біткен асыл қасиеттерінің бірі екенін айта кеткеніміз абзал, – деді Серік Ахмет.

Сондай-ақ, облыс әкімінің орынбасары мерейлі мереке аясында жалпыұлттық деңгейде «Қайырымды істер» марафоны бастау алып, аймақ волонтерлері бұл бастамаға ерекше қоллау көрсетіп жатқанын атап өтті. Бұл ретте, ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына

орай «30 игі іс» марафоны, «Қайырымды істер марафоны» жалпыұлттық акциясы аясында 1476 іс-шара ұйымдастырылып, оларда 61660 адам қамтылған. 5 мыңнан астам мұқтаж отбасыға әлеуметтік көмек көрсетіліп, көпбалалы, әлеуметтік жағынан аз қамтылған 3 мың отбасының мектеп жасындағы балаларына қажетті оқу құралдары табысталды.

3-бет

Тәуелсіздік философиясы

Әлемде өзін Тәуелсіздік күнін белгілеген мемлекет жоқ. Олардың бәрі мерекені белгілі бір тарихи оқиғаларға байланысты ерекше атап өтеді. Араларында ұлттық әрі мемлекеттік мерекелерінің ара-жігі ажыратылған елдер де бар. Мәселен, Ұлыбритания, Марокко, Сауд Арабиясы, Оман сұлтандығы, Тайланд іспетті елдер өз корольдерінің туған күні мен мемлекеттің құрылған күнін ұлттық мереке ретінде атап өтеді.

Жер жаһанда тәуелсіздігін жариялаған 200-ге жуық елге бірқыдыру шолу жасағанымызда түрлі мәліметтерге тап болдық. Олардың 90 %-і Тәуелсіздік күнін нақты атаумен тойласа, қалған 10 %-і – «Республика күні», «Ұлт күні», «Ұлттық қайта өрлеу күні», «Ұлттық қайта құру күні» мерекесі ретінде атап өтеді екен.

Жер бетінде «Республика күні» ең ұзақ тойлап келе жатқан ел – Сан-Марино Республикасы. Бұл мереке 301 жылғы 3 қыркүйектен аталып келеді. Ал, өз тәуелсіздігін ұзақ тойлап келе жатқан ел – Американың Құрама Штаттары. АҚШ тәуелсіздік мерекесін 1776 жылғы 4 шілдесінен мерекеленіп келеді екен.

4-бет



